


# МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-февраль 2023 г.

**12,6**  
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для столовой и гостиной
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)

**115,3%**  
ИФО

**\$744,2**  
ТЫС.



**ЭКСПОРТ**

Импорт 72,3%

ОТП 27,7%

**\$33,8**  
МЛН


**РЫНОК**

**\$24,4**  
МЛН



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь 2023 г.



**ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ**

## 2023 жылғы қаңтар-ақпандағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімінің **өндіріс көлемі** 2023 жылғы қаңтар-ақпанда 12,6 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен 25,7% жоғары. Көрсетілген кезеңдегі саланың ФКИ көрсеткіші 115,3% құрады.

ФКИ өсуі жатын бөлмеге арналған ағаштан жасалған жиһаз (керуеттер мен шкафтардан басқа) 46,4%, ағаштан жасалған кеңсе жиһазы 17,8%; ас үйге арналған жиһаз 1,2% өндірісі көлемінің ұлғаюына байланысты.

Сонымен қатар, мына тауарларда өндірістің төмендегені байқалады: негізінен металл каркасты отыруға арналған арнайы жиһаз 5,3% және ас үй мен қонақ бөлмеге арналған жиһаз 2,7%.

Жиһаз өнімін **тұтынудың ішкі нарығы** 2023 жылғы қаңтар қорытындысы бойынша 33,8 млн АҚШ долл. (15,6 млрд теңге) құрады. Отандық өндіріс үлесі 27,7% құрады.

Жиһаз өнімі **экспортының көлемі** 2023 жылғы қаңтарда 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 744,2 мың АҚШ долл. құрап, 4,9 есе өсті.

2023 жылғы қаңтарда жиһаз саласы экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлемді төмендегі тауарлар құрайды: мекемелерді қолданылатын ағаштан жасалған жиһаз (120 мың АҚШ долл.), басқа да металл жиһаз (111,6 мың АҚШ долл.), ағаш каркасты, қапталған отыруға арналған жиһаз (106 мың АҚШ долл.), отыруға арналған жиһаз (92,6 мың АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі Ресейге (жалпы экспорт көлемінің 52,4% немесе 390 мың АҚШ долл.), Қырғызстанға (18,3% немесе 135,9 мың АҚШ долл.), Тәжікстанға (11,3% немесе 84,5 мың АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімінің **импорт көлемі** 2023 жылғы қаңтарда ақшалай көріністе 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 24,4 млн АҚШ долл. құрап, 0,9% өсті.

Тауарлық құрылымда импортталатын өнімнің ең жоғары көлемін ағаштан жасалған жиһаз (5,4 млн АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған жиһаз (3 млн АҚШ долл.), басқа да металл жиһаз (2,5 млн АҚШ долл.), жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (2,3 млн АҚШ долл.), керуетке ауыстырылатын немесе ауыстырылмайтын отыруға арналған басқа да жиһаз және олардың бөліктері (1,4 млн АҚШ долл.), пластмассадан жасалған жиһаз (1,4 млн АҚШ долл.) және т.б. құрайды.

Импорт жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (6,1 млн АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінен 25,2%), Қытайдан (4,7 млн АҚШ долл. немесе 19,4%), Түркиядан (на 3 млн АҚШ долл. немесе 12,4%), Италиядан (2,7 млн АҚШ долл. немесе 11%), Белоруссиядан (2,3 млн АҚШ долл. немесе 9,6%) келеді.

**Аумақтық кесінде** жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Алайда, еліміздің жиһаз өнімінің 27,1% Алматы қ. (*3,4 млрд теңге*) өндірілетіндігін атап өткен жөн.